

**АРАЛЫҚ ЕСЕП
8 – 20 желтоқсан 2020**

23 желтоқсан 2020

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

- 21 қараша күні Қазақстан Республикасының президенті парламент сайлауын 2021 жылдың 10 қаңтар күніне белгіледі. Бұл сайлау барабар өкілдік жүйесі негізінде өткізіледі, оған сәйкес, Парламенттің төменгі палатасының 107 мүшесінің 98-і партиялық тізімдер бойынша бір жалпыұлттық сайлау округі аясында кем дегенде жеті пайыздық кедергімен сайланады. Жергілікті сайлау қатар өтеді.
- Сайлауды өткізуді реттейтін заңдар соңғы парламенттік сайлаудан бері оның алдында берілген саяси партияларды тіркеу мен жиындарды өткізуге қатысты ұсыныстарды ескеру мақсатымен қайта қарастырылып, толықтырылып келді. Дегенмен, үміткерлікке ұсыну талаптары, БАҚ, сайлауға қатысты дауларды шешу және сайлау нәтижелерін жариялауға қатысты ДИАҚБ-ның көпжылдық ұсыныстары елеусіз қалды. Негізгі бостандықтар Конституциямен қорғалғанына қарамастан, бірқатар заңнамалық актілермен шектелуіне халықаралық ұйымдар өз алаңдаушылықтарын білдірді.
- Сайлауды Орталық сайлау комиссиясы (ОСК), 232 территориялық сайлау комиссиялары (ТСК) мен 10,061 учаскелік сайлау комиссиялары (УСК) ұйымдастырады. ОСК сайлауды өткізуді реттейтін бірқатар қосымша қаулыларды қабылдады. Отырыстар саяси партия өкілдері мен байқаушылардың қатысуымен өтіп, журналистер COVID-19 алдын-алу шарасы ретінде қашықтан қатысады. ОСК төменгі деңгейдегі комиссияларға онлайн тренингтер ұйымдастырды. Сайлау күнгі денсаулық сақтау шаралары әлі де дайындалу барысында.
- 11.9 миллионға жуық сайлаушылар тіркелген. Сайлаушыларды тіркеу пассивті түрде жүргізіледі, сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған немесе жасаған қылмысының ауырлық деңгейіне қарамастан, сот шешімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдардан басқа он сегіз жасқа жеткен барлық азаматтар сайлауда дауыс беруге қатысуға құқылы. Сайлаушылар тізімге өздерінің тұрақты мекенжайлары негізінде енгізіліп, 26 желтоқсanan бастап тізімдермен танысып, тексере алады. Сайлаушылар тұрып жатқан жерлерінен дауыс бере алады. Тізімге кірмеген жағдайда, заң бойынша сайлау комиссиялары сайлаушыларды сайлау күні учаскеде тіркеуге құқылы.
- ОСК 312 үміткерден, оның ішінде 90-ы әйел адамнан тұратын бес партияның тізімдерін тіркеді, ал алты тіркелген партияның біреуі сайлауға бойкот жариялауға бел буды. Тәуелсіз үміткерлер сайлауға қатыса алмайды, және саяси партияларға сайлау блоктарын құруға тиым салынған. 2020 жылғы заң өзгерістеріне сәйкес, партия тізімдері кем дегенде 30 пайыз әйелдер және (немесе) жастардан тұрулары тиіс. ОСК барлық саяси партиялар осы қаулыны орындады деп бағалады, бірақ бұл квота партияларға сайлаудан кейінгі мандаттарды бөлудегі шешімдерге қатысты міндет қоймайды.
- Осы уақытқа дейін саулауалды насихат аса байқалған жоқ. COVID-19 сақтық ережелері әлеуметтік қашықтықты талап етіп, жабық бөлмелердегі қатысушылар санын шектейді. 2020 жылғы Бейбіт жиналыстар туралы заң сырттағы саяси шараларды өткізу жайлы ескерту тәртібін талап етеді, алайда рұқсат беру кепілі берілмеген. Сайлауға қатысушылар

әлеуметтік желілер мен онлайн-жиын платформалары арқылы үгіт-насихат жұмыстарын онлайн жүргізуде.

- ОСК партия тізімдерін тіркегеннен кейін үгіт-насихат барысындағы кірістер мен шығындар үшін арнаулы банк шоттарын ашты. ОСК партия кірістері бойынша өз вебсайтында аралық деректі шығарғанымен, шығымдарға қатысты мағлұмат енді шығуы тиіс.
- Конституциямен кепілдендірілген сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділік құқықтары қылмыстық кодекстегі түрлі баптармен және басқа да заңдармен шектелген. Көптеген жеке телеарналар мемлекеттік көмекқаржыға тәуелді болып табылады. Интернет өшіруі мен сайттардың бұғатталуына қарамастан, кей ДИАҚБ ШСБМ-ның сұхбаттасушылары интернеттегі жаңалық көздері мен көзқарастарының плюрализміне деген кеңістіктің ұлғаюы жайлы ойларымен бөлісті. Хабар тарату мекемелері, баспасөз және онлайн ақпарат құралдары сияқты барлық БАҚ үміткерлерге тең уақыт бөліп, бірдей көлемде қамтулары тиіс. 13 желтоқсан күні ДИАҚБ ШСБМ бес теледидар арналарын және бес онлайн ақпарат көздерін бақылауды бастады.
- Сайлауға мүдделі тараптар шағымдарын соттарға және сайлау комиссияларына бере алады. Шағымдар және оларға қатысты шешімдер қысқа мерзімде қабылдануы тиіс, ал шешімдерге қатысты шағымдарды жоғарғы деңгейлі соттар мен сайлау комиссиялары қарастырады. Бүгінге дейін ОСК 70 өтініш қабылдады, олардың көпшілігі заңнаманы түсіндіруге қатысты болды, бір де бір шағым түскен жоқ.
- Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық байқаушыларды қамтиды. ОСК-ның жаңадан қабылданған қаулысына сай, сайлауды байқауға қатысуға ниет білдірген бейкоммерциялық ұйымдар өз жарғыларында «азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарын қорғау және жүзеге асыру» мақсатын бекітілулері тиіс. ДИАҚБ ШСБМ кей бақылаушы ұйымдар болжаммен олардың сайлауды бақылау мүмкіндігін шектеу мақсатында жүргізілген нысаналы тексерістерге ұшырағандары жайлы хабар алды.

II. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының өкіметінің шақыруымен ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы 8 желтоқсан күні Шектеулі сайлауды байқау миссиясын бастады¹. Елші Ярослав Домански басқаратын ДИАҚБ ШСБМ Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан 11 негізгі топтың мүшесінен және 15 желтоқсан күні Қазақстан аймақтарына жіберілген 24 ұзақ мерзімді байқаушыдан тұрады. Миссия мүшелері ЕҚЫҰ-ның 17 қатысушы мемлекеттерінен жиналған.² ДИАҚБ-ның ШСБМ әдістемесіне сәйкес миссия сайлау күнгі тәртіптің толық және жүйелі түрдегі байқауын жүргізбейді, бірақ сайлау күні бірнеше сайлау учаскелеріне баруға ниеттенеді.

III. ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ ЖӘНЕ САЯСИ МӘНМӘТІН

2020 жылдың 21 қазанында президент 2021 жылдың 10 қаңтарына парламенттің төменгі палатасына (Мәжіліске) тікелей дауыс беру бойынша сайланатын 98 мандатқа сайлауды бекітті

¹ Алдыңғы [ДИАҚБ Қазақстандағы сайлауды байқау есептерімен](#) танысыңыз.

² Өзінің Қажеттілікті бағалау миссиясының есебінде, ДИАҚБ сайлау күнгі тәртіпті байқау үшін 300 қысқа мерзімді байқаушылардан тұратын Сайлауды байқау миссиясын (СБМ) ұсынған. Дегенмен, COVID-19 пандемиясы және оған қатысты ЕҚЫҰ аймағында жол жүру шектеулері, ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттерінің қысқа мерзімді бақылаушыларын іссапарға жіберу және ДИАҚБ-ның оларды бағыттау мүмкіндігіне кері әсерін тигізді.

(осыдан ары парламенттік сайлау). Бұл 2005 жылдан бергі толық бес-жылдық парламенттік қызметтен кейін өткізіліп жатқан алғашқы парламенттік сайлау болады. Жергілікті сайлау бір уақытта облыстық және аудандық деңгейлердегі мәслихаттарға өтеді. Бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың маусым айында сайланғанынан кейінгі алғашқы парламенттік сайлау. Билік басына келгеннен бері президент бірқатар экономикалық және саяси реформалар жүргізу ниетін жариялады³. Сайлау COVID-19 пандемиясының және оған қатысты сақтық шаралары негізіндегі қозғалыс және бейбіт жиын бостандықтарының шектеулері аясында өтіп жатыр.

Соңғы 2016 жылдың наурыз айында кезектен тыс өткен парламенттік сайлауда тіркелген жеті саяси партияның алтысы қатысты.⁴ Үш партия парламентте орынға ие болды: Нұр Отан басым көпшілікпен 84 орын, артынан «Ақ Жол» демократиялық партиясы мен Қазақстан халық партиясы (ХҚП) әрқайсысы 7 мандатпен ерді.⁵ Мәжілістегі 98 мандаттың 25-ін әйелдер алды. Бұл партиялар және «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы мен «Адал» партиясы осы сайлауда бәсекелес болып отыр.⁶ Жалпыұлттық социал-демократиялық партия бұл сайлауға бойкот жариялауға бел буды.

Конституция бойынша президент кең өкілеттікке бөленген, ал атқарушы билік парламентке қарағанда көбірек билікке ие.⁷ Саяси көріністе «Нұр Отан» партиясы үстемдік етеді. Ұлт Көшбасшысы атағына ие тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев ресми лауазымдарда, олардың ішінде «Нұр Отан» партиясының төрағасы ретінде, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесінің өмір бойы төрағасы ретінде және Конституциялық Кеңестің өмір бойы төрағасы ретінде саяси қызметінде белсенді болып қала береді.

IV. ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ ЖӘНЕ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Сайлау үдерісі незінен 1995 жылғы Конституциямен және 1995 жылғы Сайлау туралы конституциялық заңмен (Сайлау туралы заң) реттеледі. Өзге де қатысты заңдарға Саяси партиялар туралы заң, Бейбіт жиналыстар туралы заң, БАҚ туралы заң, Ақпараттандыру туралы заң, Байланыс туралы заң, сондай-ақ қылмыстық кодекс пен әкімшілік құқық бұзушылық кодексі жатады. ОСК заңды толықтыратын қаулылар шығарады. Қазақстан демократиялық сайлауға қатысты бірқатар негізгі халықаралық конвенцияларға мүшелік етеді.⁸

2017 жылғы көбінесе саяси билікті бөлуге қатысты конституцилық реформадан кейін, Сайлау туралы заңға 2017, 2018, 2019 және 2020 жылдары өзгертулер енгізілді. Өзгерістер, басқа мәселелермен қатар, төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының құрылымына қатысты болып, сонымен қатар партия тізімдеріне әйелдер мен жастарға қоса алғанда кем дегенде 30 пайыздық

³ Президенттің [2019](#) және [2020](#) жылдардағы халыққа арналған жолдауларын қараңыз. Косымша президенттің Тәуелсіздік күніне орай 2020 жылдың 14 желтоқсанындағы [сөзін](#) қараңыз.

⁴ «Азат» Қазақстан демократиялық партиясы қатысқан жоқ және белсенділігін жоғалтты.

⁵ ХҚП 2020 жылдың қараша айына дейін Қазақстан коммунистік халық партиясы болып аталды.

⁶ «Адал» 2020 жылдың қараша айына дейін «Бірлік» аталып келді.

⁷ Президент көптеген заң шығару функцияларын атқарып, орындауға міндетті жарлықтар мен қаулыларды шығарып, елдің ішкі және сыртқы саясатын анықтап, министрлер мен әкімдерді тағайындап, өзге де жоғарғы деңгейдегі лауазымды тұлғалар мен соттарды тағайындайды.

⁸ Олардың ішінде 1966 Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі пакт (ХАСҚП), 1965 жылғы Халықаралық нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою жөніндегі конвенция, 1979 жылғы Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі конвенция (ӘҚКЖК), 2002 жылғы Тәуелсіз мемлекеттер достастығының мүше елдеріндегі демократиялық сайлау стандарттары, бостандықтары мен құқықтары жөніндегі конвенция, 2003 жылғы БҰҰ жемқорлыққа қарсы конвенциясы және 2006 жылғы Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары жөніндегі конвенция. Қазақстан Еуропа Кеңесінің заң арқылы демократияландыру комиссиясының (Венеция комиссиясы) мүшесі, ал 2020 бастап Жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының мүшесі.

квотаны міндеттеп, мүгедектігі бар адамдардың сайлау процессіне қатысуын ынталандыруды көздеді. Көптеген өзге де сайлауды ұйымдастыруға қатысты заңдар өзгертіліп немесе 2016 жылдан бастап қайта еңгізіліп, өзгелермен қатар саяси партиялар мен қоғамдық жиындарды өткізуге қатысты болғандықтан, ДИАҚБ ұсыныстарының кейбіреуіне ішінара сәйкестендірілді.

Алайда, конституциялық және заңнамалық өзгерістерге қарамастан, ДИАҚБ-ның көптеген ұсыныстары, әсіресе бірлестік және сөз бостандығы сияқты негізгі бостандықтарға қатысты, сайлау әкімшіліктерінің бейтараптығының кепілдігіне, үміткерлікке қойылатын талаптарға, сайлаушыларды тіркеуге, үгіт-насихат жүргізу еркіндігіне, БАҚ, сайлау бойынша дауларды шешуге және сайлау нәтижелерін жариялауға қатысты ұсыныстары жауапсыз қалып отыр.

Халықаралық ұйымдар саяси өмірге қатысу мүмкіндігі сияқты негізгі бостандықтардың Конституцияда көрсетілгеніне қарамастан, бірқатар қылмыстық және әкімшілік кодекстегі баптармен шектелетініне өз алаңдаушылықтарын бірнеше рет білдірген.⁹

Қазақстанда екі палаталы Парламент Төменгі палатаның (Мәжіліс) 107 мүшесінен және тікелей емес сайлау арқылы сайланатын жоғарғы палатаның (Сенат) 47 мүшесінен тұрады.¹⁰ Мәжілістің тоқсан сегіз депутаты бір жалпы ұлттық сайлау округі аясында, жабық партия тізімдері бойынша пропорционалды өкілдік негізінде сайланады. Қалған 9 мүшесін Қазақстан Халқы Ассамблеясы сайлайды.¹¹

Жалпы дауыс санынан, кем дегенде, жеті пайыз жинаған партиялар Мәжілісте орын алады. Бір партия ғана кедергіден өтсе, дауыс саны бойынша екінші орын алған саяси партия, кемінде, екі орын алады. Сайлаудан кейін, саяси партия партиялық тізімдегі үміткерлердің арасында орындарды бөледі, партиялар тізім нумерациясын сақтауға міндетті емес; партиядан өз еркімен кеткен немесе шығарылған жағдайда, не партия өз қызметін тоқтатқан жағдайда, мандаттарынан айырылады.

V. САЙЛАУ ӘКІМШІЛІГІ

Сайлау әкімшілігі тұрақты болып, және ОСК-дан, 232 Территориялық сайлау комиссияларынан (ТСК) және 10,054 учаскелік сайлау комиссияларынан (УСК) тұратын үш сатыдан құралған. Шет елден дауыс беру елшіліктер мен хатшылықтарда орналасқан 66 сайлау учаскелерінде өтеді.

Барлық деңгейдегі комиссиялар бес жылдық мерзімге тағайындалады немесе сайланады, және УСК-нан басқасы жеті мүшеден тұрады.¹² ОСК Төрағасы және екі мүшесі президентпен тағайындалады, және Мәжіліс пен Сенат әрқайсысы екі мүшеден тағайындайды.¹³ ОСК-ның қазіргі жеті мүшесінің екеуі және төменгі деңгейлі комиссия мүшелерінің 66.2 пайызы әйел адамдар.

Мәслихаттар әр сайлау комиссиясына әр тіркелген саяси партиядан бір ұсыныс негізінде 2019 жылдың қаңтар айында төменгі деңгейлі комиссияларды сайлады. Ұсыныстар саны жеткіліксіз

⁹ Мысалы, Қазақстанның екінші кезекті шолуына [БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің қорытынды ескертулерін](#) қараңыз. 2018 жылдың наурыз айында шыққан Қазақстанның демократиялық таңдауы қозғалысына тиым салу туралы сот шешімі ДИАҚБ ШСБМ сұхбаттасушыларының тарапынан алаңдаушылық тудырды.

¹⁰ Елдің 14 облысының және Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының өкілетті органдары екі сенатордан сайлайды. Сонымен қатар, Президент 15 сенаторды тағайындайды.

¹¹ ҚХА Президентпен тағайындалған кеңесші орган болып табылады, және басты мақсаты Қазақстанның этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

¹² Заң бойынша УСК мүшелер саны тақ болып, 2000 сайлаушыға дейін – 5 немесе 7 мүшеден, 3000 сайлаушыға дейін – 7 немесе 11 мүшеден тұрады.

¹³ Қазіргі ОСК құрамында төраға орынбасары мен хатшысы да президентпен тағайындалды.

болған жағдайда, мәслихаттар қоғамдық бірлестіктер мен жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстарын қарастыра алады.¹⁴ Мәслихаттар ұсыныстарды орындауға мәжбүр емес және жеке ұсыныстарды дауыс беру арқылы қабылдау немесе қабылдамауы мүмкін. Ұсынылған мүшелер ұсынып отырған ұйымның мүшесі болуға тиісті емес.

Төменгі деңгейлі сайлау комиссияларына мемлекет пен жергілікті органдардан логистикалық және операциялық демеу көрсетіледі. ДИАҚБ ШСБМ кездескен барлық төменгі деңгейлі комиссиялар толығымен жұмыс істеп тұр, және осы уақытқа дейін өз жұмыстарын сайлау күнтізбесінен қалмай атқарып келе жатыр.

Сайлау туралы заң мүгедектігі бар адамдардың сайлауға қатысуын кеңейтуге бағыттталып, басқа да нәрселермен қатар, барлық сайлау учаскелеріне кедергісіз кіріп дауыс беруді, сондай-ақ өз таңдауымен екінші адамның көмегімен дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. ОСК сайты көру және есту қабілеті нашар адамдарға арналған нұсқаларда да қолжетімді. Сайттағы сайлау бойынша материалдар, олармен қатар видео форматтағылар да, мүгедектігі бар адамдарға арналған ақпаратты қамтиды.

ОСК ДИАҚБ ШСБМ-на Денсаулық сақтау министрлігі ОСК-мен бірігіп кандидаттарды ұсыну және сайлау-алды үгіт-насихат науқандарына қатысты COVID-19 пандемиясының таралуының алдын алу мақсатымен шаралар қабылдағанын мәлімдеді. Сайлау күнгі сақтық шаралары сайлау күніне таяу ең соңғы эпидемиологиялық жағдайдың негізінде дайындалып хабарланады.

ОСК отырыстары ашық және саяси партиялар мен байқаушылардың қатысуымен өтеді. COVID-19 пандемиясының кесірінен, БАҚ өкілдері тек өздерінің видеооператор топтарымен отырыстарды тікелей көрсету үшін кіргізіледі. Журналистерге алдын-ала электронды пошта арқылы немесе әрбір ОСК отырысынан кейін интернеттегі тікелей эфир кезінде сұрақ қоюға мүмкіндік берілген. ОСК өз сайтында партия тізімдерін тіркеу, азаматтық және халықаралық байқаушылар туралы, есептен шығару туралы куәлік туралы, БАҚ және сайлау алдындағы дебат жайлы қаулыларын шығарды. Оқулар онлайн форматта өткізілді: ОСК ТСК хатшыларына бірнеше видео тренингтерін, сонымен қатар соттар мен полиция қызметкерлеріне оқу курстарын өткізді. УСК мүшелері каскадтық тәсіл арқылы оқытылады.

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Сайлаушыларды тіркеу пассивті түрде Қазақстан халқының мемлекеттік тіркелімі негізінде жүзеге асырылады. ОСК сайлаушы азаматтардың бірыңғай электронды тіркеу реестрін жүргізеді және ол дауыс беруге жарамды деп танылған адамдардан тұрады. Дауыс беру құқығы сот іс-әрекетке психикалық немесе ақыл-ес кемістігі негізінде қабілетсіз деп таныған немесе сот үкімімен жасалған қылмысының ауырлығына қарамастан бас бостандығынан айыру орындарында отырған тұлғалардан басқа, он сегіз жасқа жеткен барлық азаматтарға берілген.

Жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімін мемлекеттік азаматтық тіркелім негізінде құрайды. Тізімдер ТСК мен УСК-мен тексеріледі. Әкімдіктер сайлаушылар тізімдерін жылына екі рет өздеріне қарасты ТСК-на өткізіп, ТСК ОСК-дағы ақпаратпен салыстырып тексереді. Қандай да бір сәйкессіздіктер немесе қайталаулар табылған жағдайда, олар әкімдіктердің қарастырылуына жіберіледі. 1 желтоқсан күнгі мәлімет бойынша, тіркелген сайлаушылар саны 11 919 241 адам болды.

¹⁴ ОСК ДИАҚБ ШСБМ таяуда ТСК үш мүшесін ауыстырғанын, және қазіргі уақытта төрт орын бос екенін: екеуі Алматы облысы ТСК-да, бір орын Павлодар облысының ТСК-да және бір орын Алматы қаласының ТСК-да екенін хабарлады. Заңмен резервті тізімдер қамтамасыз етілмеген.

Сайлаушылар тізімдері әкімдермен қарасты УСК-на 20 желтоқсаннан кешіктірілмей өткізіліп, 26 желтоқсаннан бастап қоғамдық тексеруге қолжетімді болуы қажет. Сайлаушылар өздеріне қатысты ақпаратты тексеріп, сайлау учаскелерінде жеке түрде немесе қоңырау шалу орталықтарына хабарласып түсіндіруге өтініш бере алады. Сайлаушылар тізіміне енбеген дауыс беруге құқылы азаматтар мен азаматшалар берілген учаскеде тұратынын дәлелдей алған жағдайда, тиісті УСК-мен сайлаушылар тізіміне сайлауға дейін немесе сайлау күні енгізіле алады.

Өздерінің тұрғылықты мекенжайларынан тыс учаскеде дауыс бергілері келген сайлаушылар 10 желтоқсанға дейін тіркелулерінің уақытша өзгертуіне тапсырыс бере алды. Қосымша, сайлау күніне 16 күнге дейін сайлаушылар өздерінің тіркелген мекенжайларынан тыс кез келген учаскеден дауыс беруге құқық беретін есептен шығару куәлігіне (ЕШК) тапсырыс беруге мүмкіндіктері бар. Сайлаушылар оған қоса арнайы сайлау учаскелерінде дауыс бере алады.¹⁵

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Жиырма бес жасқа толған, елде сайлау күніне дейін кем дегенде он жыл бойы тұрған дауыс беруге құқылы азаматтар мен азаматшалар партия тізімдері арқылы, ұсынып отырған партияның мүшесі болу шартымен сайлауға түсе алады.¹⁶ Тәуелсіз үміткерлердің өзін-өзі ұсынуына және саяси партиялардың блок құруларына тиым салынған.

2020 жылғы Саяси партиялар туралы заңға енгізілген өзгерістер саяси партия тіркеу үшін мүшелер санын 40,000-нан 20,000-ға, әрбір облыс және республикалық маңыздылығы бар үш қаладағы бөлімшелердегі мүшелер санын 600-ге дейін азайтты. Бұл азайтуларға қарамастан, ДИАҚБ ШСБМ сұхбаттасушылары саяси партияларды тіркеу бойынша ережелердің қиындығына көңіл аударды.

Үміткерлер тіркелген саяси партиялармен жалпыұлттық партия тізімдерінің негізінде ұсынылады. ОСК-мен тіркелу үшін, өткен сайлауда дауыстардың кем дегенде жеті пайызын жинаған партиялар тізімдегі әрбір кандидат үшін 637,500 теңге (шамамен 1250 евро) көлемінде ақшалай депозит төлеулері тиіс болды.¹⁷ 30 қарашада заңмен белгіленген күнге дейін бес партия жалпы 312 үміткерден, олардың ішінде 90 (28.8 пайыз) әйелден тұратын өз тізімдерін өткізді. «Нұр Отан» партиясы 126 (олардың ішінде 37-сі әйел), ҚХП 113 (33 әйел), «Ақ Жол» 38 (12 әйел), және «Адал» 16 (4 әйел) үміткерді ұсынды.¹⁸ Партия тізімдеріне қазіргі Мәжіліс депутаттарының 34-і кірді.

Алғаш рет кандидаттарды ұсынуға әр партия тізімі 30 пайыздан кем емес әйелдер мен жастардан тұру міндеті жайлы квота қолданылып отыр.¹⁹ ОСК барлық тізімдерді жастармен қоса есептегенде квотаға сай деп танығанымен, және «Ақ Жол» партиясының тізімі 30 пайыздан жоғары әйел үміткерлерден тұрды. Квота партияларға мандаттарды тарату бойынша міндеттер

¹⁵ Арнайы дауыс беру учаскелері қарттар үйінде, ауруханаларда не өзге медициналық орталықтарда, жетуге қиын жерлерде, тергеу изоляторларында, шет елдердегі хатшылық мекемелерде және мемлекеттік органдарда, әскери мекемелерде және судағы кемелерде ұйымдастырыла алады.

¹⁶ Сайлаушылар сот шешімімен заңды қабілетсіздік немесе қылмыстық жазаға тарту негізінде дауыс беру құқығынан айырылып, нәтижесінде үміткерлікке ұсынылу құқығынан да айырылуы мүмкін.

¹⁷ 1 евро шамамен 510 қазақстандық теңгеге тең.

¹⁸ ОСК ДИАҚБ ШСБМ алғашында ҚХП партиясынан 125 үміткер ұсынылғанын, алайда 12-і үміткерліктен тізімдерді тіркеу бікенге дейін түсіп қалды.

¹⁹ Жастарға 29 тоғыз жасқа толмағандар жатады.

қоймайды. Сайлау бюллетеніндегі партиялар реттілігін анықтау үшін жеребе, тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, 10 желтоқсан күні өткізілді.²⁰

27 қараша күні өткізілген партия съезінде ЖСДП сайлау және саяси партияларды тіркеу туралы заңнамалардың жеткіліксіз либерализациясын және өз қолдаушыларын шетелден ЖСДП-ға дауыс беруге шақырған «Қазақстанның демократиялық таңдауы» әрекеттерініңкесерінен туындайтын қауіп-қатерлерді сілтеп, бұл сайлауға бойкот жариялауға шешім қабылдады.²¹

VIII. САЙЛАУ НАУҚАНЫ ЖӘНЕ САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Үгіт-насихат жұмыстары ресми түрде 10 желтоқсанда басталып, сайлау күнінен бір күн бұрын 9 қаңтар күні түнгі сағат 00:00 де басталатын тыныштық күнімен аяқталуы тиіс. Осы уақытқа дейін «Нұр Отан» партиясының үгіт-насихат жұмыстары көбірек байқалғанымен, жалпы барлық партиялардың үгіт-насихат жұмыстары аса көзге көріне қойған жоқ. Ел бойынша барлық партиялардың біраз билбордтары ілінген, материалдар мен плакат тарату төмен деңгейде.

Сайлау туралы заң саяси партиялар сайлауға қатысуға бірдей құқықтар мен жағдайларға ие болуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қаржыларға қиянат ету, қайырымдылық науқандарына және сайлаушыларға тауарлар, қызмет, ақша немесе экономикалық пайда ұсынуға тиым салынған. Үміткерлер мен саяси партиялардың тауар немесе қызметті өтеусіз негізде қабылдауға құқығы жоқ. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, және олардың лауазымды тұлғаларының лауазымдық міндеттерін орындау кезінде сайлауалды үгітті жүргізуі заңға қайшы. Сайлауалды үгітті жүргізу ережелерін бұзу бір үміткердің немесе барлық партиялық тізімнің тіркелуі жөніндегі шешімнің күшін жоюға әкелуі мүмкін.

2020 жылғы Бейбіт жиналыстар туралы заң барлық сырттағы үгіт-насихат шаралары алдын-ала ескертілуі тиіс, және мақсаты, өткізілу уақыты және орны бойынша шектеліп, жергілікті билікпен рұқсат берілмеуі мүмкін.²² COVID-19 сақтық шараларына қатысты бөлме ішіндегі шаралар әлеуметтік қашықтықты сақтау мен жеке сақтық жабдықтарын қолдану ережелеріне сай болулары тиіс.²³

Онлайн жиын өткізу платформаларындағы да, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі де кей онлайн үгіт-насихат шаралары ДИАҚБ ШСБМ-мен бақыланды. 16 желтоқсан күніндегі Тәуелсіздік күні бірқатар саяси партиялармен жеке тағзым ету немесе жүздеген адамдық тағзым ету шараларымен атап өтілді, алайда, кейбір партияларға жатпайтын Алматыдағы белсенділерге полиция және арнайы жасақ қызметкерлерімен сол күндердегі оқиғаларды бейбіт түрде еске алуға, мәлімет бойынша алдын-ала ескерту болмағандықтан, бөгет жасалды.²⁴

Республикалық бюджетте осы парламенттік сайлауда сайлау науқандарын қаржыландыру қарастырылмаған. Саяси партиялар өз қалталарынан 212.5 миллион теңгеге (шамамен 418,000 евро) дейін көлемде және жеке қайырымдылық салымдарынан 425 миллион теңгеден аспайтын

²⁰ Партиялар келесі ретпен орналасады: ҚХП, Нұр Отан, Ауыл, Ақ Жол, Адал.

²¹ ЖСДП ресми [баспасөз хабарламасын](#) қараңыз (орыс тілінде).

²² Бір орындағы демонстрациялар жайлы 5 күн бұрын, ал шерулер жайлы 10 күн бұрын ескерту қажет. Жергілікті биліктер көптеген себептермен рұқсат бермеуі мүмкін. Демонстрациялар хабарлама өткізілгеннен кейін үш күнге дейін (немесе шеруге дейін жеті күн бұрын) жарияланбауы мүмкін.

²³ Денсаулық сақтау министрлігінің 10 желтоқсан күнінен [қаулысын](#) қараңыз.

²⁴ Саяси партиялар сол күні Алматы қаласында және басқа да жерлерде еске алу шараларына қатысканы онлайн және сол өңірлерде байқалғанымен, ДИАҚБ ШСБМ Алматыда 20-ға жуық адамнан тұратын екі топтың 100-ге таяу формадағы полиция қызметкерлерімен қоршауға алынып, саяси партиялар болған Тәуелсіздік монументіне гүл шоқтарын қоюға жол берілмегеніне куә болды.

көлемде науқандарын қаржыландыра алады.²⁵ Мемлекеттік органдар мен діни ұйымдардан және шетелдік немесе анонимдік көздерден қайырымдылықтарға тыйым салынады.

Сайлау туралы заңда көрсетілген науқанды қаржыландыру бойынша ережелерді бұзу бір үміткердің немесе барлық партиялық тізімнің тіркелуі жөніндегі шешімнің күшін жоюға, және де сайлау күнінен кейін белгілі болған жағдайда, сайлау нәтижелерінің жарамсыз деп танылуына әкелуі мүмкін. Заңда қандай бұзушылықтар тіркеудің күшін жоюына алып келетіні жайлы шарттар көрсетілмеген. Әкімшілік бұзушылықтар кодексінде кейбір науқанды қаржыландыру жөніндегі ережелерді бұзу үшін айппұлдар көрсетілген.

Науқан кірістері мен шығымдарына арналған арнайы банк шоттары, ОСК партия тізімдерін тіркегеннен кейін, ашылды.²⁶ Банктер ОСК-на апта сайын барлық кірістер мен шығымдар туралы есеп беріп отыруға міндетті.²⁷ Ережеге сай ОСК сайлауға қатысушы партиялардың 11 желтоқсанға дейін түскен қорларының көлемін өз сайтында жариялады. ОСК партия шығымдары бойынша мәліметті 31 желтоқсан күні жария ететінін хабарлады.²⁸ Сайлауға қатысушы партиялар науқан қаржысы бойынша қорытынды есептерін сайлау нәтижелері қорытындыланғаннан кейін бес күн ішінде тапсырулары қажет.

IX. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Конституциямен және халықаралық заңмен кепілдендірілген сөз бостандығы мен ақпаратқа қолжетімділік құқықтары қылмыстық кодекстегі жөнсіз баптармен және басқа да заңдармен әлі де шектеліп келеді. 2020 жылдың 27 маусымында жала жабу қылмыстық сипаттан айырылды, алайда, халықаралық стандарттарда көрсетілгендей, жай ғана азаматтық іске айналуының орнына, жала жабу әкімшілік бұзушылық ретінде қарастырылып, іс қозғауға мемлекеттік органдары тартылады. Заңмен қисынсыз үлкен айыппұлдар мен 30 күнге дейін әкімшілік қамау қарастырылған.²⁹

Сонымен қатар, «қорлау» мен «көрінеу жалған ақпарат тарату» әлі де қылмыстық кодекске жатып, ал мемлекеттік лауазымды тұлғаларға, олардың ішінде президентке тіл тигізуге қатаңырақ жаза қолданылады.³⁰ Бұған дейін халықаралық органдар қазіргі қылмыстық кодекстегі алауыздық пен «экстремизмді» қоздыру жайлы баптар ХАСҚП-ның 20 (2) бабына қайшы келіп, заңдық айқындықты қамтамасыз етпейтінін ескертіп өткен.³¹ Азаматтық қоғам мен БАҚ өкілдері болып табылатын ДИАҚБ ШСБМ сұхбаттасушыларының айтуы бойынша, бұл заңдар азаматтарды, олардың арасында журналистерді қамау үшін кеңінен қолданылады. Науқан барысында бір де бір журналисті қамауға алу тіркелген жоқ.

²⁵ Берілген лимиттен асып кеткен қайырымдылық демеушілерге қайтарылуы тиіс. Сайлау күнінен кейін ұсталмай қалған қордың үштен екі бөлігі мемлекеттік бюджетке аударылып, қалған үштен бірі демеушілерге қайтарылады.

²⁶ Партия тізіміндегі сайлауға қатысушы үміткерлерге жеке сайлау қорларын ашуға тыйым салынған.

²⁷ ОСК бұл ақпаратты 24 сағат ішінде алуын талап ете алады.

²⁸ ОСК айтуынша, «Нұр Отан» 610,422,700 теңге, «Ауыл» 229,297,504 теңге, «Ақ Жол» 186,025,000 теңге, «Адал» 100,010,000 теңге, және ҚХП 50,020,000 теңге алды.

²⁹ Айыппұлдар 2,083,500 теңгеге дейін жетуі мүмкін.

³⁰ Бұл мемлекеттік шенеуніктердің басымдырақ қорғанышына тең. БҰҰ АҚЖУ Сөз және ой бостандығы туралы 19 бабына берілген №34 жалпы ескертуінің 38 тармағын қараңыз.

³¹ БҰҰ Арнайы баяндамашысының 2020 жылғы терроризмге қарсы тұру барысында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтау мен қорғау туралы баяндамасын қараңыз. Онда Арнайы баяндамашы: ««экстремизм», «әлеуметтік немесе таптық алауыздықты қоздыру», «діни өшпенділік немесе араздық» сияқты түсініктердің ұлттық заңнамада тым кең анықтамаға ие болуы діни сенім бостандығын, сөз бостандығын және бейбіт жиналыстар мен бірлестіктер бостандығын асыра шектеу мақсатында қолданылады деп қорытындылады».

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне сай, 4500 тіркелген БАҚ-нан тек 25 пайызы ғана жұмыс істейді. «Қазақстан» РТРК және «Хабар» екі мемлекеттік ақпарат тарату корпорацияларынан басқа, жеке меншіктегі теледидар арналарының жоғарғы иелері жайлы ақпарат анық емес. Шектеулі және азайып бара жатқан жарнама нарығы көмекқаржыға тәуелді БАҚ-н тастап кетіп жатыр. ДИАҚБ ШСБМ кейбір сұхбаттасушыларының сөзінше, мемлекеттік және көптеген жеке теледидар арналары елеулі мемлекеттік контрактілерге ие.³² Кейбір сұхбаттасушылар интернет өшірулеріне және сайттардың бұғатталуына қарамастан, онлайн кеңістіктегі жаңалықтар мен көзқарастардың плюрализмінің ұлғаюын ерекше атап өтті.³³ 2020 жылдың желтоқсан айындағы үкімет дайындаған барлық құрылғыларға интернетке кіру мүмкіндігін беретін «қауіпсіздік сертификатын» енгізу әрекеті халықаралық Apple, Google, Microsoft және Mozilla сияқты провайдерлермен аталмыш сертификатты өз браузерлерінде бұғаттау арқылы тоқтатылды.

Сайлау туралы заң әдетте БАҚ сайлауға қатысушылардың науқандарын «әділ» қамтуын, және ақылы эфир уақыты мен көлеміне тең жағдайдағы қолжетімділікті қамтамасыз етеді. АҚДМ барлық БАҚ, телекомпания, баспасөз және онлайн ақпарат құралдарын қоса алғанда, сайлауға қатысушыларға бірдей эфирдегі уақыт пен орын бөлуге тиіс деп мәлімдеді. АҚДМ қаулылардың орындалуын меңгеріп, барлық БАҚ-ның сандық мониторингісін жүргізеді, және мониторинг нәтижелерін сайлаудан кейін шығаруды жоспарлап отыр. Сайлау туралы заңға толықтыру нұсқаулар науқанды қамтуға қатысты үміткерлер туралы жалған ақпарат тарату және олардың «жеке бас абыройы мен қадір-қасиетін» қорлауға қатысты әкімшілік бұзушылықтарды ерекше атап өтеді. 30 желтоқсан күні «Хабар» телеарнасы ОСК ұйымдастырған 80-минуттық тікелей эфирдегі бес партия арасындағы дебатты көрсетуді жоспарлап отыр.

13 желтоқсан күні ДИАҚБ ШСБМ бес телеарнаны: «Хабар» телеарнасын, «Қазақстан» телеарнасын, Бірінші Еуразия телеарнасын, «7Арна» және КТК арналарын, сонымен қатар бес онлайн ақпарат құралдарын: tengrinews.kz, informburo.kz, vlast.kz, azattyq.org және kaztag.kz бақылай бастады.

X. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАР

Ресми статистикаға сай, қазақтар жалпы халық санының 63.1 пайызын, екінші орында 23.7 пайызын орыстар құрайды. Басқа үлкен топтарға өзбектер, украиндықтар, ұйғырлар, татарлар және немістер жатады.³⁴ Конституцияда және Тіл туралы заңда қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен қатар мемлекеттік мекемелер мен жергілікті өзін-өзі басқарушы органдарда тең қолданылады; басқа тілдерді қолдану көтермеленеді деп көрсетілген. Сайлау туралы заңда бюллетеньдер мемлекеттік және орыс тілдерінде шығарылуы тиіс деп бекітілген. Саяси партиялар туралы заң ұлттық, этностық немесе діни шығу тегі негізінде партия құруға тыйым салады.

Сайлау туралы заң ҚХА-нан ұсынылған өз еркімен этностық тегі жайлы мәліметті жария ете алатын тоғыз үміткерлерден басқа, үміткерлерді тіркеу үшін этностық шығу тегі жөніндегі мәліметті талап етпейді. ОСК жалпы үміткерлер санының 79.8 пайызын қазақтар, ал этностық

³² 2018 жылы Құқықтық медиа орталығы МЕҰ Жоғарғы сотта АҚДМ қарсы шағымы жеңіліске ұшырады. Министрлік мемлекеттік қаржыландыру алатын ақпарат ұйымдары жайлы мәліметті қамтамасыз етуге бас тартты.

³³ АҚДМ, Бас прокуратура және Ұлттық қауіпсіздік комитеті сайттарды бұғаттап, БАҚ жұмысын сот шешімінсіз тоқтатуға құзыреттері бар. БҰҰ Арнайы бандамашысының Қазақстандағы сапарының [2020 жылғы терроризмге қарсы тұру барысында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтау мен қорғау туралы баяндамасының](#) 27 тармағын қараңыз.

³⁴ Соңғы рет [ресми санақ](#) 2009 жылы өтті.

орыстар 13.8 пайызын құрайтынын мәлімдеді. Қалған 6.4 пайызы басқа 10 ұлттардан тұрады.³⁵ Сайлау комиссиясы мүшелеріне этностық шығу тегі бойынша мәліметті бөліп көрсету туралы заңды талаптар қойылмаған.

ХІ. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН ШАҒЫМДАР

Сайлауға қатысты наразылықтар барлық сайлауға мүдделі тұлғалармен сайлау комиссияларына немесе соттарға орын алған бұзушылықтан кейін он күн ішінде өткізіле алады. Сайлау комиссиялары наразылықты бес күн ішінде қарастырып, төменгі деңгейлі комиссиялардың шешімдеріне шағымдарды үш күн ішінде қарастыруы тиіс. Сайлау күнінен бес күн бұрын немесе сайлау күні өткізілген шағымдар дереу қарастырылуы қажет.³⁶ Егер шағым комиссия мен сотқа бір уақытта өткізілсе, комиссия шағымды қарастыруды тоқтатады.

ОСК-ның шешімдеріне қатысты шағымдарды Жоғарғы сот қарастырады. ОСК жариялаған қорытынды нәтижелер жарияланғаннан кейін 10 күн ішінде Конституциялық Кеңеспен қарастырылады, бірақ бұл шағымдар тек президентпен, премьер-министрмен, екі палатаның спикерлерімен немесе парламенттің жалпы мүшелер санының бестен бірінің атынан ғана жолдана алады. Заңда сайлау нәтижелерін жою бойынша нақты шарттар қарастырылмаған. Сайлау заңнамасын бұзу туралы шағымдар мемлекеттік прокуратураға немесе сотқа бес күн ішінде қарастырылуға жіберіледі.

ОСК ДИАҚБ ШСБМ-на 20 желтоқсан күнгі мәлімет бойынша бер де бір шағым түспегенін, бірақ 73 негізінен заңды түсіндіруге қатысты өтініш түскенін хабарлады.³⁷ ОСК айтуынша, шағымдар ОСК отырыстарында алқалы түрде қысқа мерзімде қаралуы тиіс болғанымен, өтініштерге жауап ОСК жұмысшыларымен жалпы 15 күннен 30 күнге дейінге аралықта беріледі. Осы уақытқа дейін ДИАҚБ ШСБМ Жоғарғы сотқа жіберілген 28 шағым жайлы хабардар болды, олардың кейбіреуі ОСК 4 желтоқсанда қабылданған азаматтық байқауға қатысты қаулысына байланысты болды; барлығы да техникалық қателерді сілтеуретіп қайтарылды.

ХІІ. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР

Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық байқаушыларды қамтиды. Саяси партиялар байқаушылар мен сенімді тұлғаларын жіберуге құқылы, олардың құқықтары ұқсас, бірақ тек сенімді тұлғалар ғана дауыстардың қайта саналуын талап ете алады. Азаматтық байқаушылар қоғамдық бірлестіктермен және бейкоммерциялық ұйымдармен жіберіле алады.

Заң сайлауды ұйымдастыру әкімшіліктерімен ресми тіркелу тәртібін қарастырмағанымен, 4 желтоқсан күні ОСК сайлауды байқау тек өздерінің жарғыларында мақсаттары арасында «азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау» деген пункті бар бейкоммерциялық ұйымдарға байқау мүмкіндігін беретін сайлауды байқау құқығын қадағалайтын қаулыны шығарды. Қай ұйым бұл шарттарға сай келетіні жайлы шешімдер тиісті сайлау комиссиясымен қабылданады. ОСК сонымен қатар дауыс беру барысында

³⁵ Бұл әзірбайжандықтар, беларустар, чуваштар, немістер, кәрістер, татарлар, ұйғырлар, украиндықтар және өзбектер. ОСК-ның 10 желтоқсандағы [баспасөз хабарламасын](#) қараңыз.

³⁶ Үміткерді тіркемеу бойынша жеті күн ішінде ең жоғарғы орын шара ретінде Жоғарғы сотқа шағымдануға болады; Жоғарғы сот осы сияқты шағымдар бойынша шешімдерді жеті күн ішінде шығаруы қажет. Сайлаушыларды тіркеуге қатысты шағымдар тиісті комиссиялармен немесе соттармен шағым өткізілген күні жауап алулары қажет.

³⁷ Заң шағымдар мен өтініштерді бөліп қарастырады, ол бойынша, өтініш мемлекеттік мекемелер мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы кез келген жазбашатүрдегі байланыс деп анықталған. Өтініштерге жауап беру бойынша жалпы мерзім Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы заңмен бекітілген.

байқаушылардың фотосурет , бейнебаян түсіру және аудио жүргізу құқықтарын қадағалап, түсірілген материалды жариялауға тыйым салады.³⁸

Кейбір азаматтық қоғам ұйымдары, олардың ішінде өткен сайлауда байқауға қатысқан ұйымдар, ДИАҚБ ШСБМ-на сайлау алдында салық органдарының тарапынан нысаналы тексерістерге ұшырағаны жайлы хабарлады. Олар бұл әрекеттерді өздерінің сайлауды байқау бойынша істерін жоспарлап, ұйымдастыру қабілетіне қатер ретінде бағалап отыр.

XIII. ДИАҚБ ШСБМ ҚЫЗМЕТІ

ДИАҚБ ШСБМ ресми түрде 8 желтоқсан күні Нұр-Сұлтан қаласында пресс-конференция кезінде ашылды. Миссия басшысы ОСК төрағасымен, Сыртқы істер министрінің орынбасарымен, Әділет министрімен және басқа да жоғары лауазымды мемлекеттік тұлғалармен, саяси партиялар төрағаларымен және олардың өкілдерімен, БАҚ өкілдерімен, азаматтық қоғаммен және дипломатиялық және халықаралық қоғамдастық мүшелерімен кездесулер өткізді. ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы сайлау күнгі байқауға делегация жіберуді жоспарлап отыр. Кристиан Вигенин ЕҚЫҰ төрағасының міндетін атқарушысымен ЕҚЫҰ ПА Делегациясының басшысы болып тағайындалды.

***Бұл есептің ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз ресми құжат болып табылады.
Бейресми аудармалар қазақ және орыс тілдерінде берілген.***

³⁸ Түсірілген материал тек дәлел ретінде азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істерде пайдалана алады, және байқаушыларға сайлау учаскелерінен онлайн трансляция жүргізуге тыйым салынған.